

«Күншуақ» бөбекжай бақшасы МКҚК

## Ғажайып ғарыш



«Айгөлек» тобы

## **Ғажайып ғарыш**

**Мақсаты:** Балаларға Ғарыш және ғарышкерлер туралы толық түсінік беру, білімдерін одан әрі кеңейту. Сыйластыққа тәрбиелеу.

### **Шаттық шеңбер:**

Сәлем саған жер анам,  
Сәлем саған алтын күн.  
Сәлеметсіздер ме апайлар,  
Сіздерді көргеніме қуанам.

**Тәрбиеші:** Балалар кім айтады қазір жылдың қай мезгілі?

Ал көктемнің қай айы?

Сәуір айында қандай мерекелер бар?

Бүгін балалар ғарышкерлердің мерекесі, 12- сәуір ғарышкерлер күні,

Олай болса балалар ғарышқа ұшатын адамды кім дейміз?

Балалар ғарышқа не үшін ұшады?

Иә, аспан әлемін, планетаны, жұлдыздарды зерттеу үшін ұшады.

Ең бірінші болып ғарышқа Юрий Гагарин ұшты:

Ал қазақ жерінен Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев, Айдын Айымбетов ұшты?

Ал балалар ғарышқа не арқылы ұшады?

### **Балалардың тақпақтары**

**Слайд:** аспан әлемі

Бірақ балалар аспанда ауа жоқ, өте ыстық, ал ғарышкерлерге скафандр деген киім көмектеседі, арнайы ауасы бар, ыстықтан қорғайтын киім.

Балалар ғарышкерлер ғарышта ұзақ жүреді, ал олар қалай тамақтанады, не жейді, от жағып пісіре ме?

Жоқ оларға әдейі арналған зымыранмен тамақ әкелінеді, тамақ оларға жабық түрде, езілген түрде, тіс пастасының қорабы сияқты қорапта беріледі, шай, суда солай әкелінеді, соны сығып жейді. Балалар сендер ғарышкер болғыларың келеме?

**Б. ж.**

Білесіндер ме ғарышкер болу үшін ең алдымен шынығу керек дейді, енді бәріміз орнымыздан тұрып жаттығу жасап алайық.

Әуен арқылы жаттығу жасату.

Ал, екіншіден өте білімді, шапшаң болу керек екен, ол үшін мынадай ойын ойнаймыз.

**Ойын: «Зымыранды құрастыр»**

**Ойын: «Зымыранды ұшыр»**

**Ойын: «Зымыран пазлдарын құрастыр»**

